Әділет

# 2015 жылы Уәлиханов ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 389 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 ақпанда N 3095 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. 2015 жылға арналған қоса берілген ұйымдар, қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі және қаржыландыру көздері Тізбесі бекітілсін.

3. "Уәлиханов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бекітілген Тізбеге сәйкес қоғамдық жұмыстарға жұмыссыз азаматтарды жіберуді жүзеге асырсын.

4. Қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс анықталсын:

жұмыс орын қажеттілігіне өтінім бергендер санында - 218 адам;

жұмыс орын қажеттілігі бекітілгендер санында – 218 адам.

5. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың жалақысы "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңына сәйкес, ең төменгі жалақы көлемінде орнатылсын. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражатынан жүргізілсін.

6. Қоғамдық жұмыстардың шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленеді: аптасына бес жұмыс күнімен және екі демалыс күндерімен (сенбі, жексенбі), сегіз сағаттық жұмыс күнімен, түскі үзіліс бір сағат отыз минут ұзақтығымен.

Жұмыс беруші мен қызметкер арасында жасалатын еңбек шарттарына сүйене отырып, еңбек шартымен қарастырылған, жұмыс уақытының икемді нысаны қолданылады. Өзге де еңбек шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен реттеледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 01 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімі* *А. Төрегелдин*

"Бекітілген" Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 389 қаулысымен

## 2015 жылға арналған қоса берілген ұйымдар, қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі және қаржыландыру көздері Тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 17.04.2015 N 118 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № р/с | Ұйымдардың атауы | Төленетін қоғамдық жұмыс түрлері | Жұмыс көлемі | адам саны | қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы ( айлар) | Қаржыландыру көздері | Қаржыландыруының жалпы сомасы (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Актүйесай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді қоқыстан тазарту, 25 түп ағаш отырғызу, 5 гүлзар егу | 20 | 1,5 | Аудандық бюджет | 640,920 |
| | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Амангелді | 1. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғызілікті қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілерге (кітапхана, клубтар) отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна | 1 | 2 | Аудандық бюджет | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | азық дайындау | | | | 42,728 |
| | | 2. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді қоқыстан тазарту, 20 түп ағаш отырғызу, 3 гүлзар егу, 2 ескерткішті ақтау, сырлау | 5 | 2 | Аудандық бюджет | 213,640 |
| 3 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Бидайық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді қоқыстардан тазалау, түп ағаштарды отырғызу-20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу, 2 ескеркішті ақтау, сырлау | 24 | 1,5 | Аудандық бюджет | 769,104 |
| 4 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Қаратерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік – мәдени -тұрмыстық объектілерге (кітапхана, клубтар) отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна азық дайындау | 2 | 1,5 | Аудандық бюджет | 64,092 |
| | | 2. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді қоқыстардан тазалау, түп ағаштарды отырғызу-20 дана, 3 гүлзар егу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу, 2 | 6 | 1,5 | Аудандық бюджет | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ескеркіштерді ақтау, сырлау | | | | 192,276 |
| | | 3. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | Су құбырларын тазалау су өту үшін қарық жасау, жалғызілікті азаматтартың үйлерін қардан тазалау | 4 | 1,5 | Аудандық бюджет | 128,184 |
| 5 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Қайрат ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | Су құбырларын тазалау су өту үшін қарық жасау, жалғызілікті азаматтартың үйлерін қардан тазалау | 2 | 1 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| | | 2. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу) | Көшелерді көң-қоқыстан тазалау, 20 түп ағаш отырғызу, 3 гүлзар егу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу, 2 ескеркішті ақтау, сырлау | 5 | 2 | Аудандық бюджет | 213,640 |
| | | 3. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік – мәдени -тұрмыстық объектілерге (кітапхана, клубтар) отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 25 текше метр отын дайындау, 45 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 17 тонна азық дайындау | 1 | 2 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Сырқат жалғызілікті қарт адамдарға күтім жасауына көмек көрсету (азық-түлік, дәрідәрмек сатып әперу, үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау , кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың арамшөптерін отау) | Жалғызілікті қарт азаматтарына көмек көрсету ( азық-түлік, дәрідәрмек сатып әперу, үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау, кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың арамшөптерін отау). | 1 | 2 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| | | 2. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғыз басты қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік – мәдени- тұрмыстық объектілерге (кітапхана, клубтар) отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 20 текше метр отын дайындау, 35 тонна көмір түсіру | 1 | 2 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| | | 3. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді көң-қоқыстан тазалау, 20 түп ағаш отырғызу, 3 гүлзар егу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу, 2 ескеркішті ақтау, сырлау | 4 | 2 | Аудандық бюджет | 171,320 |
| | | 1. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға | Көшелерді қоқыстан тазалау, ағаштарды отырғызу-20 | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Көктерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу) | дана, 3 дана гүлзар салу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу | 10 | 1,5 | Аудандық бюджет | 320,460 |
| | | 2. Сырқат жалғыз басты қарт адамдарға күтіп жасауына (азық-түлік, дәрідәрмек сатып әперу, үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау, кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың арамшөптерін отау) көмек көрсету | жалғызілікті қарт азаматтарына көмек көрсету (азық-түлік, дәрідәрмек сатып әперу, үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау, кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың арамшөптерін отау). | 2 | 2 | Аудандық бюджет | 85,456 |
| 8 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Құлыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Суландыру жұмыстарын, сондай-ақ көктемгі-күзгі су тасқындарына байланысты жұмыстар жүргізуіне көмек көрсету | Жалғызілікті азаматтардың үйлерін қардан тазарту | 2 | 1 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| | | 2. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу) | Көшелерді қоқыстардан тазалау, ағаштарды отырғызу-30 дана, 3 дана гүлзар салу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу | 12 | 1,5 | Аудандық бюджет | 384,552 |
| | | | Көшелерді қоқыстан | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Телжан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | тазалау, ағаштарды отырғызу-30 дана, 3 дана гүлзар салу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу | 13 | 1,5 | Аудандық бюджет | 416,598 |
| 10 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Ақбулақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу ) | Көшелерді қоқыстан тазалау, түп ағаштарды отырғызу-25 дана, 2 дана гүлзар салу, ағаштарды кесу, ақтау, арам шөпті жұлу | 13 | 1,5 | Аудандық бюджет | 416,598 |
| | | 2. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғызілікті қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік – мәдени- тұрмыстық объектілерге отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | 25 текше метр отын дайындау, 35 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 18 тонна азық дайындау | 2 | 2 | Аудандық бюджет | 85,456 |
| | | 1. Сырқат жалғызілікті қарт адамдарға күтім жасауына көмек көрсету | Округтің жалғызілікті қарт адамдарына көмек көрсету ( үй-жайды жиыстыру, бөлмелерді әктеу, еден сырлау, кір жуу, жеміс-көкөніс отырғызу, олардың | 3 | 2 | Аудандық бюджет | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы "Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | | арамшөптерін отау) | | | | 128,184 |
| | | 2. Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру және экологиялық сауықтыруға көмек көрсету (ағаш көшеттерін, гүлзарларды салу) | Орталық алаң көшелерді – 69800м, ескерткіштер маңайын – 3790 шаршы метр көң-қоқыстан тазалау, көлдердің жағалауларын қоқыстан тазалау, ескерткіштер ескерткішті жарым-жарты ақтау, сырлау, сылау, дуалдарды ағарту және жөндеу – 100 метр, көше бағаналарын ақтау,-140 дана, көшеттерді отырғызу-25 дана, гүлзар салу -400 шаршы метр, 100 дана ағашатарды кесу, арам шөптен тазалау | 77 | 2 | Аудандық бюджет | 3418,240 |
| | | 3. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген жіктеріне, топтарына және жалғызілікті қарияларға, жаңадан келген оралмандарға (әкімдікпен бекітілген квота бойынша), сондай – ақ әлеуметтік – мәдени- тұрмыстық объектілерге (кітапхана, клубтар) отындық ағаш, мал азығын дайындауға, көмір | 150 текше метр отын дайындау, 180 тонна көмір түсіру, қосалқы шаруашылық үшін 70 тонна азық дайындау, 21 жалғыз басты аз қамтылған | 3 | 2 | Аудандық бюджет | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жеткізіп беріп, түсіруге көмек көрсету | қария | | | | 128,184 |
| | | 4. Зираттарды абаттандырылуына көмек көрсету | 3 зиратты көң-қоқыстан тазалау -200 шаршы метр | 2 | 1 | Аудандық бюджет | 42,728 |
| 12 | "Қазақстан Республикасың Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әділет Департаментінің Уәлиханов ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | 1.Мемлекеттік мекемелерде құжаттаманың сақталуына оларды өңдеуге және дайындауға көмек көрсету | Сақтауға құжаттарды дайындау-3000 парақ | 1 | 5 | Аудандық бюджет | 106,820 |
| 13 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінің " Уәлиханов ауданының сот орындаушылар аумақтық бөлімі"филиалы | 1.Мемлекеттік мекемелерде құжаттаманың сақталуына оларды өңдеуге және дайындауға көмек көрсету | Сақтауға құжаттарды дайындау-1250 іс | 1 | 5 | Аудандық бюджет | 106,820 |
| 14 | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық соты | 1.Мемлекеттік мекемелерде құжаттаманың сақталуына оларды өңдеуге және дайындауға көмек көрсету | Сақтауға құжаттарды дайындау-800 іс | 1 | 5 | Аудандық бюджет | 106,820 |
| | | Барлығы | | 218 | 2 , 7 | 8076,0 | 8076,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК